

Иманбаева Жанерке Асхатқызының
6D041700 - Сән өнері мамандығы бойынша
философия докторы дәрежесін (PhD) алуға ұсынылған
«Қазақстандық заманауи сәулеттік орта дизайны қалыптасуындағы
ұлттық дәстүрлер» атты диссертациясының мәтініне
АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының өзектілігі Орталық Азия аймағының, Англияның, Ресейдің, Жапонияның және басқа да қазіргі заманғы дизайн-жобадағы дәстүрлі қолөнер өндірісінің өнімдерінде көркемдік және утилитарлық бірліктің тарихи тұрғыдан дамыған түрлерінің ерекшеліктерін сақтап ана қоймай, сондай-ақ оның толықтырылуын, бұрынғы мәдени тәжірибесінің рухани құндылықтарын заманауи түсіну, оның объективті көрінісі тұрғысынан енгізілген сәулеттік және дизайнерлік тәжірибелердің синтезімен анықталады. Салт-дәстүрлер сабақтастығы қоғамның әлеуметтік-техникалық прогреске сәйкес заманауи өнер саласындағы іс-шараларға сәйкес жаңа идеяларды жасауға мүмкіндік береді.

Өнертану дамуының қазіргі кезеңінде ұлттық өзіндік сананы, сондай-ақ ұлттық өзін-өзі сәйкестендіруді нығайтатын өнер мен мәдениеттің тарихи дәстүрлерін сақтауда әлеуметтік-антропологиялық тәсіл мәселесі өзекті болып отыр.

Бұл тұрғыда қолөнер кәсібінің көркемдік-утилитарлық бірлігін дамыту әрі қалыптастыру және басқару мен интеграциялық процестердің заманауи формаларының әсер етуі нәтижесі ретінде қалыптасқан өңірлік дизайн мәдениетінің көрінісі ерекше қызығушылық туғызады.

Бұл мәселені жан-жақты зерделеу Қазақстан үшін, ал дәстүрлі интерьер кеңістігін толтыратын киімді зерделеу біздің жағдайда барынша өзекті болып келеді. Бұл жағдайда көркемдік шешімнің ерекшелігі қазақ этносының заттық әлемінің ұлттық және өңірлік дизайнының негізі болып табылады. Ою-өрнек мәдениет кодын зерттеу маңызды орын алады. Көркемдік үйлесім заңдарына сәйкес жасалған ою-өрнектегі нышандар мен белгілердің мағыналық мәні канондық декорды қалыптастырудың негізі болып табылады, бұл құбылыс заманауи дизайн үшін де маңызды.

Ұлттық дәстүрлерді сақтау қазіргі қоғамның, әсіресе бұрынғы кеңестік идеологияның күйрегенінде маңызды әлеуметтік және антропологиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Ұлттық дәстүрлерді сақтау бүгінгі күні қоғамды біріктірудің маңызды әлеуметтік және антропологиялық міндеттерін шешуге, әсіресе бұрынғы кеңестік идеологияның күйрегеніндегі ерекшеліктерде мүмкіндік береді. Бұл зерттеу еліміздің заманауи интерьер дизайны саласындағы сәулет ортасын қайта жасауға ықпал ететін дәстүрлі көркем қолөнерге тән ерекшеліктерді талдау мен анықтауға бағытталған. Сонымен қатар қазіргі заманғы Қазақстанның мәдениетін дамытудағы «шығыс» және «батыс» семантикалық параметрлерінің симбиозын да қарастыруға бағытталған. Осыған байланысты материалдық объектілердің құндылық сипаттамалары көркемдік пішінді жаңа эстетика құру ұстанымы тұрғысынан қарастырылды.

Осылайша, осы зерттеу тақырыбының өзектілігі ұлттық және өңірлік сәйкестілікке негізделген дәстүрлі мәдениеттің көркемдік мұрасының ерекшелігі мен бірегейлігіне сүйенеді, ол көрші мәдениеттерден ерекшелеп, республикамыздың мәдениетінің белгісі болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны – бүкіл жиынтықта қазақ халқының мәдениеті, Еуразиядағы көшпенділердің жылжымалы баспанасының дәстүрлі түрінің эволюциясы кеңістіктік көріністерді және айналамыздағы әлем туралы ойлауды білдіретін негізгі фактор ретінде қалыптасуы мен дамуы.

Зерттеу жұмысының пәні – қазақтың мобильді тұрғын үйінің пайда болуы және қазіргі заманғы қолданылуы, оны қазіргі заманғы интерьер дизайнындағы қолданбалы қолөнер бұйымдары түрінде толтыру, сондай-ақ өмір сүру ортасының құрылыс түрлерінің мобильді типтерінің архитектуралық жобалауын әлемдік тәжірибеде қолдану, этникалық дизайн түрлерінің туындыларын құру тәжірибесі.

Зерттеу жұмысының мақсаты - Қазақстандағы сәулет ортасын қалыптастырудағы дәстүрлі мұраның орны мен ролін, қазіргі заманғы дизайндағы дәстүрлерді түсіндіру.

Диссертациялық зерттеудің міндеттері

– Дизайнды дамытудағы тарихи және қазіргі заманғы процестердің өзара әрекеттесуінің негізгі параметрлерін мәтіндік және графикалық иллюстрациялық материалдардың қол жетімді көлемін зерттеу негізінде анықтау.

– Киіз үйдің конструкциясының және оны толтыратын заттардың егжей-тегжейлі сипаттамасы арқылы көшпенділердің дәстүрлі материалдары мен көркем мәдениеті саласында қолданыстағы білімді жүйелеу.

– XX ғасырдың аяғынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақытты қамтитын мобильді баспананың сәулеттік-көркемдік безендірілуінде заттар дизайнының көне түрін анықтау.

– Сәулет ортасының дизайнын жобалаудың әлемдік тәжірибесін зерделеу (киіз үйді жобалаудың қазіргі заманғы жолдары: материалдар, әдістер және шетелдік тәжірибе).

– Қазақстандағы интерьерлерді және заттар дизайны объектілерін жобалауда халықтық қолөнершілік дәстүрлерін қолданып көркем-бейнелі түсіндірулердің жаңа нұсқаларын зерттеу.

– Қазақстандағы интерьерлерді және заттар дизайны объектілерін жобалауға заманауи тәсілдің мәселелерін анықтау.

– Дизайн қызметінің қазіргі заманғы ғылыми-технологиялық жабдықтау контекстіндегі қолөнер бұйымдарының дәстүрлі көркемдік аспектілерінің ерекшелігін қалыптастыру.

Мәселе – дизайн өнеркәсіптің дамуына және техникалық эстетика түсінігі негізде жаңа құбылыс ретінде біздің өмірімізге енді, қазіргі кездегі «қолөнер шебері - шеберлік сәндік аспектілерінің суретші-түсіндіруші - белгілі бір саладағы дизайнер» жүйесін қалыптастыра отырып, ол адамзат шығармашылығының ерекшеліктеріне әсер ететін көріністерінде әлеуметтік және идеологиялық құбылысқа айналды. Ол қазіргі заманғы адамның санасын белсенді түрде қалыптастырады.

Зерттеудің гипотезасы – халықтық шығармашылықтың дәстүрлі мәдени коды – қазіргі заманғы даму контекстінде жаңа интегративті өзара қарым-қатынастар жасаудың, жаңа көркемдік формаларын құрудың сарқылмас көзі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Х.Арғынбаев, В. Аронов, Т. Басенов, Ш. Валиханов, Л. Гумилев, Р. Ерғалиева, С. Касиманов, С. Кенжеәхметұлы, А. Марғұлан, В. Тимошина, Х. Трупекова, Г. Федоров-Давыдов, С. Хан-Магомедов, В. Шавров, С. Шкляева еңбектерінде түрлі аспектілерде ұлттық мәдениеттің генезисі мен эволюциясы зерттелді.

Дизайн саласындағы әдістемелік және теориялық зерттеулердің мәселелерін әртүрлі ұстанымдарда С. Дидковский мен А. Кузнецова қарастырды.

Халықтық өнер, эволюцияның қазіргі заманғы құбылыстармен өзара байланыстырудың негізгі қасиеттері И. Богуславская, Л. Выготский, Е. Жердев, М. Магомедов, Е. Орлова, В. Рунге, Г. Селевко, В. Сеньковскийдің шығармаларында қозғалды.

И. Богуславская мен Е. Гордееваның зерттеулерінде қазіргі заманғы дизайн тәжірибелерінің тарихи қалыптасқан конфигурациялық стереотиптерге сәйкестігін айқындаудың маңызды параметрлері ретінде мәдени процесте сақтаудың бір аспектісі ретінде атап өтілді.

Дизайн феномені мәдениет аспектісі ретінде Ю. Горюнова, Г. Каганов, И. Лисовец, Д. Томбу сияқты зерттеушілердің жұмыстарында талданады.

Н. Волков, П. Гамзатов, У. Жақсыбеков, С. Королев, В. Крысько, Н. Лебедева, С. Лурье, М. Мид, М. Омирбеков, Г. Солдатова, Г. Старовотова, Т. Стефаненко, С. Төленбаев, Ш. Тоқтарбаев, Д. Хонигман, В.Хотинец халық шығармашылығының бейнелерін жекелендіру фактілерін көрсетіп, оның өзіндік ерекшелігін көрсетті.

У. Әбдіғаппаров, К. Әмірғазин, А. Камаков, Л. Котенко сияқты ғалымдардың еңбектерінде құрылымдық жаңа жасау және қазақ ою-өрнегін дамыту мәселелері қаралды.

Зерттеу жұмысының әдістері – тарихи, этнографиялық, мәдени, әлеуметтік, психологиялық ғылыми зерттеулер мен әдістердің нәтижелерін пайдалануда көрініс тапқан кешенді және пәнаралық тәсіл: өнертануды талдау әдісі, аксиологиялық талдау, құрылымдық-салыстырмалы әдіс, графикалық визуализация, семантикалық өнер кодын зерттеудің салыстырмалылық әдісі, жеке шығармашылық эксперимент әдісі, кеңістіктік және орта тәсіл мониторингі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– ХХ ғасырдың аяғынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақытты ескере отырып, алғашқы қауымдық этникалық мәдениеттің даму аспектісінде дизайн эволюциясының ретроспективасы анықталды.

–Көшпенділер мәдениетін сипаттайтын терминдер мен анықтамалар графикалық және кесте түрінде белгіленді және жүйеленді.

– Ең алғаш рет қолөнершілік дамуының қазіргі кезеңіндегі көркемдік аспектілерінің эволюциясының динамикасы анықталды. Қазіргі интерьерлер мен

оның компоненттеріне салыстырмалы талдау жүргізілді (отандық және шетелдік сәулетшілер мен дизайнерлердің жұмысы мысалында талданды).

– Дәстүрлі көркем мәдениетке этномәдени мұраны жобалау практикасына дамудың ажырамас бөлігі ретінде қосу тұрғысынан қазіргі заманғы көзқарас анықталды.

– Архитектуралық орта дизайнында киіз үйлерді жобалаудың әлемдік тәжірибесі (киіз үйді жобалаудың қазіргі заманғы жолдары: материалдар, әдістер және шетелдік тәжірибе) алғаш рет зерттелді.

– Жетекші қазақстандық дизайнерлердің тәжірибесінде халықтық мәдениеттің дәстүрлі тәжірибесін түсінудегі шығармашылық ұстаным анықталды.

– Қазіргі заманғы Қазақстандағы интерьер мен дизайн объектілерін жобалауға дәстүрлі тәсілді дамытудағы жаңа бейнелі шешімдер мен үрдістер жан-жақты зерттеледі.

Зерттеудің қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдары

– Бейнелерді көркемдік түсіну тұрғысынан киіз үйлерді жасаудың тарихи тұрғыдан қалыптасқан дәстүрлері заманауи дизайнерлердің шығармашылық әлеуетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Пішіндердің мобильді түрлері эволюцияның ұзақ кезеңінде өңделіп, жетілдірілудің жоғары деңгейін ғана емес, сондай-ақ одан әрі даму үшін сарқылмас мүмкіндіктерді көрсетеді.

– Киіз үйдің заттық жиынтығын жүйелеу, белгілердің терминологиясы көшпенділердің дүниетанымдық көрінісін бейнелейді, шеберлер шығармашылығының тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді.

– Қазақ мәдениетіндегі қол өнердің көркемдік түрлері ұлттық сәйкестікті білдірудің, дәстүрлердің сабақтастығын, ұлттың рухани мұрасының құндылықтарын сақтаудың қазіргі заманғы практикаға негізделген прото-дизайнның үлгісі ретінде қарастырылуы тиіс.

– Жобалау тәжірибесінде әлемдегі тұрғын үйдің жылжымалы түрлерін өндіру әдістеріндегі параллельдер мен айырмашылықтар көшпенді халықтардың мәдениетінде қалыптасқан дәстүрлі тәсілдерден бастау алады; жалпы ұқсастыққа қарамастан, жаңа материалдар түрлері, заманауи технологиялар және қоршаған ортада олардың өмір сүру үлгілеріне қойылатын заманауи талаптар бойынша енгізілген айырмашылықтар да бар.

– Қазақстандық дизайнның заманауи тәжірибесінде дәстүрлі мұраның тарихи контексті қазақ рәміздерінің тікелей цитаталануына, стилизациясына, түсіндірілуіне, пайдаланылуына, сондай-ақ сәулеттік құрылымдардың ішкі және сыртқы түрлерін безендіруде исламдық және тәңірлік мотивтерді пайдалануға негізделген. Ең жиі кездесетін ою-өрнек, киіз үйдің құрылымы.

– Киіз үйлерді жобалауда әлемдік тәжірибеден отандық зерттеудің айырмашылығы коммерциялық, білім беру, тұрғын үй, экстремалды және бейнелі мақсаттарға арналған дәстүрлі нысанды қолданатын жаңа инновациялық және тәжірибелік кеңістіктердің ашылуына және құрылуына әкелді.

– «Этникалық дизайн» пәні бойынша практикалық сабақтарға арналған киіз үйлердің ұсынылған дизайн жобасы қазіргі заманғы дизайн тәжірибесінде этномәдени компонентті түсіндіруде қызығушылықты растады. Дәстүр мен

инновацияны синтездеуге негізделген қолданыстағы пішіндері мен жобалау әдістерін жетілдіру футуристік формаларға дейін жаңа көкжиектерді ашады.

– Дәстүрлі баспана – бұл дамудың ғасырлық эволюциясы бар тіршілік. Қазіргі заманғы жобалаудың цифрлық жүйесінің көмегімен - параметризм - эволюцияның барлық кезеңдерінен өтуге болады, өйткені жаңа технологиялар ғасыры барлық пішіндегі 3D үлгілерді жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қарастырылған сәулет және дизайн жұмыстарының мысалдары жаңа формаларды іздестіру мүмкіндіктері ретінде қарастырылуы мүмкін және оның элементтері негізінде дәстүрлі киіз үйдің жаңа үйлесімін және оны толтыратын заттарын табуға болады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі көркемөнер саласындағы білімін тереңдету; мәдениеттің материалдық және көркем мұраларын құру тәжірибесінде көркем және утилитарлық синтез факторларын түсіндіру; заманауи дизайн практикасында дәстүрлерді қолдану және бейімдеу әдістерін зерттеу; заманауи технологиялар бойынша өнер синтезін одан әрі түсінуге үлес қосу.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы - қазіргі заманғы тәжірибелік дизайнерлерде ұлттық мұраның көркем мәтінінің инновациялық және дәстүрлі әдістемелерін іске асыруда эмпирикалық және ғылыми әдістердің тиімділігін, осы бағытта одан әрі зерттеудің перспективаларын көрсету; «Өнеркәсіптік дизайн» мамандығы бойынша оқу пәндері үшін негіз ретінде пайдалану мүмкіндігі, сондай-ақ өңірлік және ұлттық дизайн мәселелерін зерделеу үшін тиісті оқулықтар құру; «ғылым - білім - өндіріс» жүйесінде байланыстың аспектісі ретінде түсіндіру.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі – осы жұмыста жарияланған қағидалар ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда және Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда жарияланды. Ғылыми және практикалық халықаралық конференцияларда талқыланды.

Жұмыс нәтижелерін енгізу – диссертациялық жұмыстың бір бөлігі ХБК дизайн факультетінің (ҚазБСҚА кампусы) оқу жоспарына ену арқылы көрініс тапты. Диссертациялық жұмыстың авторы «Этнодизайн», «Өнеркәсіптік дизайн объектілерін жобалау» пәндері бойынша ПОӘК әзірледі.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі – диссертация кіріспе, үш тарау, тоғыз бөлім, қорытынды, библиографиядан және қосымшалардан тұрады. Диссертация көлемі 167 бет, библиография саны 156 атаудан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны

«Киіз үй» кеңістіктегі пластикалық дене ретінде» атты **бірінші бөлімде** халықтық сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлерін дамыту негіздерінің теориялық және өнертану тұрғысынан талдаулар келтіріледі, киіз үйдің дизайнын эстетикалық және көркемдік аспектілері мен қазақтың ұлттық баспанасының интерьеріне тән ерекшеліктер қарастырылады.

«Дизайндағы жобалық-көркемдік әрекеттің даму ерекшеліктері мен халықтық сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрі» атты **екінші бөлімде** сәндік-қолданбалы өнерді қалыптастыру бойынша зерттеулердің нәтижелері және

олардың сәулет ортасының заманауи дизайнын (әлемдік және отандық тәжірибе) дамытуға әсері ұсынылды.

«Отандық дизайнды дамытудағы халық өнері және футуристік идеялар» атты **үшінші бөлімде** заманауи жоғары технологиялық жобалаудың даму үрдістерін зерттеудің мысалдары мен нәтижелері, дәстүрлерді пайдаланудың әдістерін, сондай-ақ келешектегі футуристік көкжиектерді және ұлттық мәдениеттің идентификация белгісі ретінде халық өнерінің даму орны көрсетілді.

Әр тараудың соңында негізгі қорытындылар беріледі.

Қорытындыда диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері қарастырылады.